



«Бекітпді»
«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
«Шағала» бөбекжай-бақшасы КМҚК
менгерушісі *Г.А.Джанжолова* Г.А.Джанжолова
2021 жылғы «31» тамыздағы
педагогикалық кеңес шешімімен

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
КМҚК«Шағала» бөбекжай-бақшасы» Мектепалды даярлық№2 «Еркемай» тобының
«Тапқыр бала» вариативтік компоненті бойынша
2021-2022 оқу жылының перспективалық жоспары.**

Топ тәрбиешілері: Глеккабылова.Н.И.
Калиева.Ж.С.

Түсіндірме жазба

Интеллектуалдық дамыту ойындары мектепке дейінгі жастағы балалардың, психологиялық, физиологиялық және ақыл-ойының дамуында маңызы зор қызмет атқарады. Оларды тәрбие мен оқытуда мақсатты қолданудың әдістемелік жүйесін құру үшін ғылыми-әдістемелік негіздері зерделеніп, әлемдік тәжірибеде қолданыстағы түрлеріне талдау жасалады. Нәтижесінде баланың жас және жеке ерекшелігіне қарай ақыл-ойының жетілуіне, танымның кеңеюіне игі ықпал ететін интеллектуалдық дамыту ойындары төмендегі атаулары бойынша құрастырылады.

«Түрлі түсті бөлшектер», «Таяқшалар», «Көркем өрнек» «3 Д ұшбұрыштар», «Тез тап»
«Сәулетші», «Көбелектер», «Пішіндер» «Жол бағдар»

Интеллектуалдық дамыту ойындарын әзірлеу, құрастыру және қолданудағы басты мақсат баланың әлеуметтік ортада жеке тұлға ретінде қалыптасуына негіз болатын, ақыл-ойының дамуына тікелей ықпал ететін дидактикалық ойындар жүйесін құру.

Аталған ойындар «Интеллектуал-балабақша» интеллектуалдық дамыту ойындарының кешені деп аталады. Оның құрамына ойындарды қолданудың әдіс-тәсілдерін қарастыратын Әдістемелік құралы және баланың жеке дамуына қажетті жұмыс дәптерлері кіреді. Интеллектуалдық дамыту ойындары мақсаттарына қарай топтастырылып, топтық және жеке ойындар болып жіктеледі және баланың жасына, қабілетіне, қабылдауына қарай топтастырылып, қарапайымнан күрделелігіне қарай жүйеленеді.

Өйткені интеллектуалдық дамыту ойындарының ерекшелігі –оның әрекеттік сипатында. Мұнда балалар ойын құралымен түрлі заттың жобасын құрастырады. Түсіне көлеміне қарай сәйкестендіреді, жинақтайды, топтастырады. Заттардың өзара байланысына таба отырып, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Ойын барысында балалар ұстап, көріп, сезу арқылы затты таниды, үлгі бойынша құрастырады. Сөйлесу арқылы өзара пікірлесіп, бір-бірімен тіл табысу мен достасуына мүмкіндік туады. Ойын барысында әр бала өзін басқа балалармен салыстыруға, бейімділіктерін байқауға және өзара бәсекелестікке үйренуге дағдыланады. Балалардың қызығушылықтары оянады. Дидактикалық ұстанымдар негізінде құрылған интеллектуалдық ойындар баланың қоршаған ортасын танып, өмір сүру дағдыларын игеруіне ықпал етіп, нәтижесінде білім мен тәрбиенің ұштастығы ойын әрекетінде іске асырылады.

Мақсаты: бөлшектердене құрастыру, құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау. Шамасы бойынша әртүрлі нысандардың нұсқаларын жасай білу. Ұжымдық жұмыстар жасау, берілген тақырып бойынша, сөзбен сиппатау, сурет, фотосурет бойынша құрылыс салуға, бейнелер жасауға үйрету. Өз құрылысын талдай білуді бекіту және талдау негізінде құрылымдылық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау.

Күтілетін нәтижелер:

- Материалдардың негізгі бөлшектерін атайды және ажыратады
 - Шамасы бойынша әртүрлі құрастырулар жасай біледі
- Құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін біледі, түрлі нәтиже алу үшін бірнеше тәсілдерді қолданады
 - Түрлі материалдардан заттарды құрастырады, олардың атауларын біледі.
 - Ұжыммен жұмыс жасай біледі
 - Жұмыс орындағы тәртіпті сақтайды.

Айы	№	Тақырыбы	Мақсаты	Ойын тәртібі	Сағат саны
Қыркүйек	1	Түрлі-түсті бөлшектер «Түрлі-түсті бөлшектер» (жеке ойын)	Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.Түрлі-түсті бөлшектермен танысуды жалғастыру.	Әр бала ойынмен,өз қорабындағы бөлшектермен танысады.Түрлі бөлшектерден үй құрастырады.Оны басқа балалардың үйлерімен салыстырады.	
	2	3D үшбұрыш «Түрлі-түсті үшбұрыштар» (жеке ойын)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан түрлі пішіндер құрастыру. Кеңістікті бағдарлай білуге түрлі пішіндерді орнастыру тәсілдерін қолдана отырып, үлгі бойынша құрастыра білуге дағдыландыру.	Балалар гүл және оның құрылысымен танысады.Түрлі түсті үшбұрыштардан үлгі бойынша гүл құрастырады.Гүл жайлы әңгімелейді.Гүл жасауға жұмсалған үшбұрыштар санын анықтайды.	06\09 2021
	3	Ақылды текшелер «Балық» (топтық ойын)	Балықты құрайтын бөлшектерді анықтау.Заттар шамасына қарай әртүрлі болатыны жайында түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.Ұзындығы және ені бойынша түрлі текшелерді салыстыра отырып, биіктігі және жуандығы бойынша бірдей заттарды салыстыру.Ұйымшылдыққа , достыққа тәрбиелеу.	Балалар ойынмен танысқан соң, негізгі текше ортаға қойылады. Негізгі текшеде бейнеленген балықтың қажетті бөлшектерін текшелердің арасынан тауып, ортаға орналастырады. Балық туралы әңгімелейді.	13\09 2021
	4	Көбелектер «Көбелектерді жинау» (жеке ойын)	Түстері сәйкес көбелектерді жинау. Екі түсті көбелектерді табу.Балаларды кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажырата білу және атай білу дағдыларын одан әрі үйретуді жалғастыру.	Балалар топқа бөлінеді. әр топ өз қорабындағы көбелектермен танысады. ондағы көбелектерді ойын алаңына орналастырады. Топтағы бір бала текшені ойын алаңына лақтырады. Топтағы бір бала текшені ойын алаңына лақтырады. Текше бетіндегі түске сәйкес көбелекті тапқан бала, өзіне ұпай жинайды.	20\09 2021

	5	Сәулетші «Таяқшалар» (топтық ойын)	Ағаш тақтайшалармен танысуды жалғастыру.	Әр бала қораптағы тақтайшалармен танысады. Өзіне керекті тақтайшаларды алып, үлгі бойынша, оларды тігінен, көлденеңінен және қырынан орналастырып, жаттығады.	04\10 2021
Қазан	6	Түрлі түсті бөлшектер «Көлік» (жеке ойын)	Түрлі – түсті бөлшектерден көлік құрастыру.	Түрлі – түсті бөлшектерден көлік жасауға қажетті бөліктерін таңдайды. Бөлшектерді үлгі бойынша орындарына қояды. үлгі бойынша көлік құрастырады .көлікті құрастырып болған балаларға, өз ойларынан басқа көлік құрастыру ұсынылады.	11\10 2021
	7	Көбелектер «Түрлі түсті көбелектерді жинау» (топтық ойын)	Текше түстеріне сәйкес көбелек табуып жинау	Жаңа топ құрылады. Үш текшені пайдаланып, ойынды бір ойыншы бастайды. текшелердегі көрсетілген түстерден тұратын көбелекті тауып, әр ойыншы өзіне жинап, ұпай санын анықтайды.	18\10 2021
	8	Сәулетші «Гүл» (жеке ойын)	Тақтайшалардан гүлдер құрастыру	Ойынмен танысады. Қораптағы тақтайшалардан қарастырады. Бір бала үлгі бойынша құрастырған гүлді жайлы әңгімелейді.	25\10 2021
Қараша	9	Көбелектер «Түрлі түсті көбелектерді жинау» (топтық ойын)	Текше түстеріне сәйкес көбелек тауып жинау	Жаңа топ құрылады. Үш текшені пайдаланып, ойынды бір ойыншыны бастайды. Текшелердегі көрсетілген түстерден тұратын көбелекті тауып, әр ойыншы өзіне жинап, ұпай санын анықтайды.	01\11 2021
	10	Сәулетші «Кереге» (топтық ойын)	Тақтайшалардан кереге құрастыру.	Балалар ойын тәртібін еске түсіреді тақтайшаларды қырынан қою арқылы, кереге құрастырады. Оны сипаттайды.	08\11 2021

	11	Сәулетші «Қайың ағашы» (жеке ойын)	Тақтайшалардан қайың ағаштарын құрастыру.	Балалар ойын тәртібін еске түсіреді. тақтайшаларды қырынан қою арқылы қайың ағашын құрастырады. құрастырған қайың ағашы туралы әңгімелейді.	15\11 2021
	12	Түрлі – түсті бөлшектер «Алты қабатты мұнара» (жеке ойын)	Түрлі түсті бөлшектерді тігінен орналастыру арқылы мұнара құрастыру	Әр бала түрлі түсті бөлшектерді тігінен орналастыру арқылы мұнара құрастырады. Құрастырған мұнарасына қолданылған бөлшектердің түстерін атап, санын анықтайды.	22\11 2021
Желтоқсан	13	Ақылды текше (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден робот құрастыру. Тақтайшалардан жазықтық бетіндегі пирамида құрастыру. Кеңістікті бағдарлай білуге кеңістік ұғымдарын бекіту. Қозғалыс бағыттары сол жақтан оң жаққа жоғарыдан төменге, алға, артқа орналастыру. Жұмысты аяғына дейін жетуге тәрбиелеу.	Балалар үлгіде көрсетілген бөлшектерді таңдап алады. Үлгі бойынша роботты бөлшектерді тігінен орналастыру арқылы құрастырады. Қалай құрастырғаны жөнінде әңгімелейді.	06\12 2021
	14	«Көбелектер» (топтық ойын)	Көбелектер арасынан түрлі көбелектерді сәйкестендіру.	Жаңа топ құрылады. Карточкаларда көрсетілген көбелектерді түсі, өрнегі бойынша тауып, сипаттайды. Бірінші болып көбелекті тапқан бала, карточканы өзіне ұпай ретінде алады. Ұпай сандарын салыстырып, жеңімпазды анықтайды.	13\12 2021
	15	«Үшбұрыш» (жеке ойын)	Түрлі-түсті таяқшалардан үшбұрыш құрастыру.	Әр бала өз қорабындағы таяқшалармен ойынды бастайды. Үлгідегі суретті құрастыруға қажетті таяқшаларды түсіне және өлшеміне қарай таңдап алады. Үлгідегі суретті құрастырады. Ұзын мен қысқа таяқшаларды өлшемі, түсі бойынша топтастырады.	20\12 2021
	16	«Баспалдақ» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден баспалдақ құрастыру.	Әр бала өз қорабындағы бөлшектерін ойын алаңына шығарады. Үлгінің сол жағында суретті құрастыруға қажетті бөлшектер көрсетілген. Бөлшектерді санымен түсіне қарап, таңдап алады. Екі қатарлы	27\12 2021

				баспалдақтың көрінбейтін қабырғаларын құрайтын бөлшектерді анықтайды. Үлгі бойынша баспалдақ құрастырады.	
Қаңтар	17	«Жол таңдамайтын көлік» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден жол таңдамайтын көлік құрастыру.	Әр бала ойынмен танысқан соң, қажетті бөлшектерді үлгінің сол жақ бұрышындағы шартты белгіге қарап таңдап алады. Жол таңдамайтын көліктің көрінбейтін қабырғаларын құрайтын бөлшектерді анықтайды. Көлікті тігінен құрастырады.	03\01 2022
	18	«Алма ағашы» (топтық ойын)	Алма ағашындағы алмалардың санын анықтау.	Әр бала ойын алаңынан бір текше таңдап алады, жүргізуші алма ағашы бар текшені ортаға айналдырып тастайды. Өз текшелерінен алма ағашы бар текшеде түскен алма санына сай алмаларды іздейді. Сай келген текшелерді алма ағашының айналасына жинайды.	10\01 2022
	19	«Ұшақ» (жеке ойын)	Түрлі-түсті таяқшалардан ұшақ құрастыру.	Ойынмен танысады. Қажетті таяқшаларды ұзындығымен түсіне қарай таңдайды. Үлгі бойынша ұшақ құрастырады.	17\01 2022
	20	«Көркем өрнек» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден үлгідегі суретті құрастыру.	Ойын ережесімен танысады. Қораптағы бөлшектерді көлемі, түстеріне қарай топтастырады. Әр бөлшектің қораптағы орнын анықтап, бағытына қарай өрнек құрастырады.	24\01 2022
Ақпан	21	«Тез тап» (топтық ойын)	Балалардың танымын кеңейтіп, зейінін шоғырландыру.	Ойын алаңына үш түсті карталар шығарылады (сары, сарғыш және жасыл). Әр бала үлгідегі жануардың азығын, мекенін, көлеңкесін және пішіні бойынша сәйкесін тауып, өзіне ұпай жинайды.	07\02 2022

	22	«Алты бұрышты пішін» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден алты бұрышты пішін құрастыру.	Үлгідегі пішінді зерделейді.Пішіннің қандай пішіндерден құрастырылғанын анықтайды.Қажетті түрлі түсті пішіндерді жинақтап,нұсқаулықта берілген пішінді құрастырады.	14\02 2022
	23	«Өрнек құрастыру» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден өрнек құрастыру.	Ойын ережесімен танысады.Қораптағы бөлшектерді көлемі,түстеріне қарай топтастырады.Әр бөлшектің қораптағы орынын анықтап,бағытына қарай өрнек құрастырады.	21\02 2022
	24	«Тіктөртбұрыш» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден тіктөртбұрыш құрастыру.	Ойынмен танысады.Үлгі бойынша қажетті пішіндерді анықтап топтастырады,нұсқаулықтағы түрлі түсті пішіндерді орналастырып,бүтін тіктөртбұрыш құрастырады.	28\02 2022
Наурыз	25	«Батпырауық» (жеке ойын)	Тақтайшалардан батпырауық құрастыру.	Үлгіні зерделейді.Қажетті тақтайшаларды топтастырады.Батпырауықты құрастырып,ол жайлы әңгімелейді.	07\03 2022
	26	«Тізбек құру» (топтық ойын)	Үлгідегі тізбекке қарап,текшелерді сәйкестендіру.	Топ мүшелері текшелерді зерделейді.Текшелерден үлгі бойынша тізбек құрастырады.Тізбекті үлгімен салыстырады.	14\03 2022
	27	«Әсем өрнек» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден әсем өрнек құрастыру.	Ойынмен танысқан соң,үлгі бойынша бөлшектерді топтастырады.Бөлшектердің орналасуына,бағытына қарай өрнек құрастырады.	21\03 2022
	28	«Түрлі түсті түймелер» (топтық ойын)	Текшелердегі түймелердің өзара байланысын анықтап,тізбек құру..	Балалар соңғы текшедегі түймелер санына сәйкес келетін келесі текшені тауып қояды.Түймелерді тізбекпен байланыстыру үшін сәйкес келетін пленканы тауып,орналастырады.	28\03 2022

	29	«Сары,қызыл, көк үшбұрыштар» (жеке ойын)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан жаңа пішіндер құрастыру.	Ойынмен танысады.Үлгіні зерделейді.Пішіндердің орналасуын анықтайды.Үшбұрыштарды жинақтап,үлгі бойынша пішінді құрастырады.	04\04 2022
Сәуір	30	«Биік шың»(жеке ойын)	Түрлі-түсті пішіндерден биік шың құрастыру.	Үлгідегі пішінді зерделейді,пішіннің қандай пішіндерден құрастырылғанын анықтайды.Қажетті түрлі түсті пішіндерді жинақтап,нұсқаулықта берілген пішінді құрастырады.	11\04 2022
	31	«Көпбұрыш» (жеке ойын)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан көпбұрыш құрастыру.	Балалар ойын үлгісімен танысады.Үшбұрыштардан үлгідегі пішінді құрастырады.Пішіндегі ұқсас бөліктерді тауып сипаттайды.	18\04 2022
	32	«Ойын алаңын бірге құрайық»(топтық ойын)	Тақтайшалардан ойын алаңын құрастыру.	Топта өзара пікір алмасу болады.Тақтайшалардың орнықты болуын қамтамсыз етеді.Тепе теңдікті сақтап,ойын алаңын топ мүшелерімен бірігіп құрастырады.	25\04 2022
Мамыр	33	«Қайық»(жеке ойын)	Түрлі-түсті пішіндерден қайық құрастыру.	Үлгіге қарай қажетті пішіндерді анықтап,топтастырады.Түрлі түсті пішіндерден қайық құрастырады.Қайық құрастырғанда қолданған түрлі түсті пішіндердің атауларын айтады.	02\05 2022
	34	«Қарама- қарсы пішіндер» (жеке ойын)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан үлгідегі суретті құрастыру.	Балалар ойын үлгісімен танысады.Үшбұрыштардан түстеріне қарай топтастырады.Үлгі бойынша үшбұрыштарды қарама қарсы орналастырып пішін құрастырады.	09\05 2022

	35	«Кестені текшемен сәйкестендір» (топтық ойын)	Текшелердегі алмаларды ағаштағы алмалармен сәйкестендіру.	Әр топ ойын алаңына кестемен оған сәйкес түсті текшені шығарады. Текшенің екі бөлігіндегі алма санын кестедегі алма санымен сәйкестендіреді.	16\05 2022
	36	3D Үшбұрыш «Жұлдызша» (жеке ойын)	Үшбұрышты пішіндерден алты бұрышты жұлдызша құрастыру.	Балалар ойын үлгісімен танысады. Үшбұрыштардан түстеріне қарай топтастырады. Үгі бойынша үшбұрыштардан алты бұрышты жұлдызша құрастырады.	23\05 2022